Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су » шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық

АНЫҚТАМА

Түркістан қаласы 09.10.2026 жыл

Кіріспе бөлім:

1. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі-Ішкі талдау) жүргізуге негіздеме:**

Осы талдамалық анықтамаға қол қоюшы жұмысшы топпен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері орындау мақсатында және Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынының 2026 жылғы 10 тамыздағы №46-нқ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес.

2. Ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы

1.Дүйсен Ұшқара Найманұлы-басшы орынбасары

2. Усенбаев Кыдырбай Бердібаевич-басшы орынбасары

3. Орынов Бахытжан Калдыкозович-аппарат басшысы

4.Байырбек Бакытжан Тайбекович- Бухгалтерлік есеп және қаржыландыру бөлімінің бас есепшісі

5. Әлімқулова Ұлан Бекжанқызы- кадр маманы

6. Сатыбалды Нурболат -заңгер

3. Ішкі талдау жүргізу мерзімі

2026 жылдың 17 тамыз - 28 қыркүйек аралығында

4. Ішкі талдау барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу орын алған жоқ.

Ішкі талдау барысында кәсіпорынның негізгі қызмет бағыттары, ішкі ұйымдастырушылық құжаттары, бұйрықтары, лауазымдық нұсқаулықтары, қызметкерлердің функционалдық міндеттері, шарттық құжаттар,

бухгалтерлік есеп құжаттары, мемлекеттік сатып алуға қатысты құжаттар және кәсіпорын қызметіне қатысты өзге де материалдар зерделенді.

Талдау барысында кәсіпорын қызметінің мынадай негізгі бағыттары қаралды:

- кадрлық жұмыс;
- мемлекеттік сатып алу;
- бухгалтерлік есеп және қаржыландыру;
- өндірістік-техникалық бөлімнің (ПТО) қызметі;
- каналдар бойынша құрылыс, жөндеу, қайта жаңғырту және қалпына келтіру жұмыстары;
- тариф бойынша арналар арқылы су беру қызметі;
- су тұтынушылармен өзара қарым-қатынас;
- қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктері;
- мүдделер қақтығысының алдын алу.

1. КАДРЛЫҚ ЖҰМЫС БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Ішкі талдау барысында кәсіпорындағы кадрлық жұмысқа, оның ішінде қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, лауазымдарға тағайындау, басқа жұмысқа ауыстыру, еңбек шарттарын жасау және рәсімдеу, еңбек шарттарына өзгерістер енгізу, еңбек демалыстарын беру, іссапарларды рәсімдеу, қызметкерлердің жеке істерін жүргізу және еңбек тәртібін сақтау мәселелеріне талдау жүргізілді.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде олардың біліміне, біліктілігіне, жұмыс өтіліне және тиісті лауазымға қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттілігі қаралды.

Қызметкерлермен еңбек шарттарын жасау кезінде еңбек заңнамасының талаптарын сақтау, еңбек шарттарында қызметкердің лауазымы, еңбек функциясы, еңбек жағдайлары және өзге де қажетті талаптардың дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Қызметкерлерге қатысты тәртіптік шаралар қолдану кезінде шешімдердің объективтілігі мен негізділігін қамтамасыз ету, жеке қарым-қатынасқа немесе өзге де субъективті факторларға байланысты қызметкерді негізсіз жауапкершілікке тартуға немесе керісінше жауапкершіліктен босатуға жол бермеу қажеттілігі белгіленді.

Кадрлық рәсімдерді жүзеге асыратын қызметкерлердің өздерінің қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдалануына, жұмысқа қабылдау, ауыстыру, тағайындау немесе басқа да кадрлық шешімдер қабылдау кезінде заңсыз сыйақы немесе өзге де пайда алуға жол берілмейтіні атап өтілді.

Кадрлық жұмыс саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында кадрлық шешімдердің құжатпен негізделуі, белгіленген рәсімдердің сақталуы және қабылданған шешімдердің ашықтығы қамтамасыз етілуі тиіс деп танылды.

Ішкі талдау нәтижесінде кадрлық жұмыс барысында заңдылық, әділдік, ашықтық, объективтілік және қызметкерлердің тең құқықтарын сақтау қағидаттарын басшылыққа алу қажеттілігі белгіленді.

2. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларын айқындау, техникалық ерекшеліктерді әзірлеу, әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарды белгілеу, сатып алу рәсімдерін өткізу және шарттардың орындалуын бақылау мәселелері қаралды.

Сатып алу талаптарын белгілі бір өнім берушіге немесе мердігерге бейімдеуге, негізсіз артықшылық беруге, бәсекелестікті шектеуге және қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдалануға жол бермеу қажеттілігі атап өтілді.

Техникалық ерекшеліктерді әзірлеу кезінде нақты қажеттілікке негізделу, талаптардың объективті және негізді болуы, белгілі бір өнім берушіні таңдауға бағытталған талаптардың енгізілмеуі қажеттілігі белгіленді.

Мемлекеттік сатып алу шарттарының орындалуын бақылау кезінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің шарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, орындалмаған немесе тиісті деңгейде орындалмаған міндеттемелерді негізсіз қабылдауға жол бермеу мәселесіне назар аударылды.

Осыған сәйкес сыбайлас жемқорлықтын алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде тәуекелдер анықталған жоқ.

3. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржыландыру қаражатының қозғалысын есепке алу, төлемдерді рәсімдеу, бастапқы бухгалтерлік құжаттарды жүргізу, есептілікті қалыптастыру және қаржылық операцияларды құжатпен растау мәселелері қаралды.

Бухгалтерлік есеп мәліметтерінің дұрыстығын қамтамасыз ету, барлық шаруашылық операцияларды тиісті бастапқы құжаттар негізінде рәсімдеу, есептілікке шынайы мәліметтер енгізу қажеттілігі атап өтілді.

Қаржыландыру қаражатын мақсатты пайдалану, төлемдерді тиісті құжаттар негізінде жүргізу, қаражат қозғалысын дұрыс есепке алу және белгіленген тәртіппен есептілікті қалыптастыру мәселелеріне назар аударылды.

Қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып қаржылық шешімдерге заңсыз ықпал етуіне, төлемдерді жеке мүддеге пайдалануға және кәсіпорын қаражатын белгіленбеген мақсаттарға жұмсауға жол бермеу қажеттілігі атап өтілді.

Бухгалтерлік есеп және қаржыландыру бағыты бойынша ішкі талдау нәтидесінде тәуекелдер анықталған жоқ.

4. ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ (ӨТБ) БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Ішкі талдау барысында ӨТБ қызметіне, оның ішінде каналдар бойынша құрылыс, жөндеу, қайта жаңғырту және қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше назар аударылды.

Жұмыс көлемдерін айқындау кезінде нақты орындалған жұмыстардың жобалық-сметалық және техникалық құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттілігі белгіленді.

Орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде олардың нақты орындалу көлемін, сапасын және белгіленген талаптарға сәйкестігін объективті бағалау қажеттілігі атап өтілді.

ӨТБ қызметкерлерінің мердігерлермен өзара қарым-қатынасы кезінде қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдалануға, белгілі бір мердігерге негізсіз артықшылық беруге, орындалмаған немесе толық орындалмаған жұмыстарды орындалды деп көрсетуге, жұмыс көлемін негізсіз ұлғайтуға жол бермеу қажеттілігі көрсетілді.

Техникалық құжаттарға шынайы емес мәліметтер енгізуге, орындалған жұмыстардың көлемін бұрмалауға және тиісті негізсіз жұмыстарды қабылдауға жол бермеу мәселесі қаралды.

Бөлімнің қызеті барысында сыбайласс жемқорлыққа тәуекелдер анықталмады.

5. ТАРИФ БОЙЫНША АРНАЛАР АРҚЫЛЫ СУ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША

Ішкі талдау барысында тариф бойынша арналар арқылы су беру қызметін ұйымдастыру, су тұтынушылармен шарттық қатынастар, су беру көлемін есепке алу, белгіленген тарифтерді қолдану, көрсетілген қызметтерді рәсімдеу және төлемдерді есептеу мәселелері қаралды.

Белгіленген тарифті негізсіз өзгертуге немесе белгіленбеген тәртіппен қолдануға, су беру көлемін бұрмалауға, көрсетілген қызмет көлемін негізсіз төмендетуге немесе ұлғайтуға жол бермеу қажеттілігі көрсетілді.

Қызметкерлердің су тұтынушылармен өзара қарым-қатынаста қызметтік жағдайын жеке мүддесіне пайдалануына жол бермеу және барлық тұтынушыларға тең жағдай жасау қажеттілігіне назар аударылды.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында тариф негізінде берілген ағын судың қызмет ақысының төлемі Kaspi.kz қосымшасы арқылы жүреді.

6. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ БОЙЫНША

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген міндеттері мен өкілеттіктерінің нақты айқындалуы, олардың қызметтік шешімдер қабылдау шегінің белгіленуі мәселелері қаралды.

Қызметтік өкілеттіктердің нақты бөлінбеуі, бір қызметкерге шамадан тыс немесе негізсіз өкілеттік берілуі, бақылау және шешім қабылдау функцияларының бір тұлғаның қолында шоғырлануы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына әсер етуі мүмкін екендігі ескерілді.

Қызметкерлердің өз өкілеттіктерін жеке мүддеге, туыстарына, таныстарына немесе басқа да мүдделі тұлғаларға пайда келтіру мақсатында пайдалануына жол бермеу қажеттілігі белгіленді.

Қызметтік шешімдер қабылдау кезінде заңдылық, объективтілік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын сақтау қажет деп танылды.

7. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ БОЙЫНША

Кәсіпорын қызметкерлерінің жеке мүддесі мен олардың қызметтік міндеттері арасында қайшылық туындауы мүмкін жағдайлар қаралды.

Қызметкердің жеке, туыстық, достық немесе өзге де мүдделері оның қызметтік шешімдеріне әсер етуі мүмкін болған жағдайда мұндай жағдайды уақытылы анықтау және тиісті шаралар қабылдау қажеттілігі атап өтілді.

Қызметкердің өзіне, жақын адамдарына немесе мүдделі тұлғаларға пайда келтіру мақсатында қызметтік өкілеттіктерін пайдалануға, белгілі бір тұлғаларға артықшылық беруге немесе қызметтік шешімдерге заңсыз ықпал етуге жол бермеу қажеттілігі белгіленді.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда оны жасырмай, белгіленген тәртіппен хабарлау және оны болдырмауға бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігі көрсетілді.

Осығын байланысты, сыбайлас жемқорлықтын алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде мекемеде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Басшының орынбасары (бас инженер) **Ұ.Дүйсен**

Басшы орынбасары **К.Усенбаев**

Аппарат басшысы **Б.Орынов**

«Бухгалтерлік есеп және қаржыландару»
бөлімінің бас есепшісі **Б.Байырбек**

Кадр маманы **Ұ.Әлімқулова**

Заңгер **Н.Сатыбалды**